

**Адвокаттық қызмет тәжірибесін реттеудің кейбір мәселелері  
(ТМД елдерінің заңнамаларының салыстырмалы-құқықтық анализі:  
Армения, Әзірбайжан, Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан және Өзбекстан  
елдері материалынан)**

Е.Т. Нұрмағанбет

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

**Аннотация.** Бұл мақалада адвокатура қызметі, оның дамуының, ТМД елдер арасындағы заңи актілерінің салыстырмалы-құқықтық анализі оның даму жолдары мен осы бағыттағы қарым-қатынасты дамыту туралы пікірталаста үлкен септігін тигізетін болады. Мақалада, біздің ойымызша, әрбір республикада өзіндік ерекше көңіл бөлінетін кейбір адвокаттық қызмет тәжірибесін жүзеге асыру туралы қызықты аспектілерге ғана көңіл бөлінген.

Адвокаттық қызмет кез келген мемлекеттегі құқықтық институт секілді құқық қолдану теориясы мен практикасын бекітуді, заңмен белгіленген құқықтар мен бостандықтарды құқықтық қорғауды күшейтуді көздейді. Көптеген ғылыми-практикалық зерттеулердің объектісі бола отырып, заң көмегін көрсетудегі адвокатураның рөлін көтеру проблемасы бүгінгі таңда адвокаттың соттағы процессуалдық жағдайына тәуелді бола алмайды. Ол көпжақты және күрделі, сол себепті жан-жақты талқылауды қажет етеді.

Төменде көрсетілген ТМД елдерінің [1] адвокаттық қызметті реттеуші заңи актілерінің салыстырмалы-құқықтық анализі оның даму жолдары мен осы бағыттағы қарым-қатынасты дамыту туралы пікір-таласта үлкен септігін тигізетін болады. Бұл мақалада, біздің ойымызша, әрбір республикада өзіндік ерекше көңіл бөлінетін кейбір адвокаттық қызмет тәжірибесін жүзеге асыру қызықты аспектілерге ғана көңіл бөлінген.

Адвокаттық қызмет туралы заңнама. Адвокаттық қызметтің түсінігі мен мазмұны. Қарастырылып отырған мемлекеттердің барлығында дерлік адвокатура және адвокаттық қызмет заңи актілердің реттеу пәні болып табылады. Арменияда [2], Әзірбайжанда [3] адвокаттық қызмет көрсету тәртібі тек заңмен, соның ішінде АІЖК және ҚІЖК (2-бап) анықталады. Қазақстанда адвокаттық қызмет туралы заңнама ҚР «Адвокаттық қызмет туралы» заңынан және адвокаттық қызметті реттейтін өзге де

заңнамалардан тұрады деп бекітілген. Бірақ жеке және заңды тұлғалардың істері бойынша қорғауды және өкілдік жүзеге асырғанда адвокаттардың процессуалдық құқықтары мен міндеттері тек қана заңмен белгіленеді.

Тәжікстанда заң көмегін көрсетудің құқықтық негізі – адвокаттық қызмет заңдармен, сонымен қатар парламенттің қаулылары және Республика Президентін жарлықтарымен бекітіледі. Адвокаттық қызмет туралы заңның өзі жоғарғы заңи форма – «конституциялық заң» мәртебесіне ие [4]. Бұл адвокаттық қызмет туралы заңға осындай мәртебе берген ТМД мемлекеттерінің ішіндегі жалғыз мемлекет. Осы жерде конституциялық заңдарды ғылыми тұрғыда бөлгенде ол шығуы конституцияда тікелей қарастырылған заң (Тәжікстан Республикасының Конституциясының 92-бабы, Өзбекстан Республикасында бұл Конституцияның 2-тарау 116-бабында белгіленген) [5] ретінде үшінші топқа жататынын атап өткен жөн. Осыған көңіл аударатын отырып, заңи әдебиеттерде қалыптасқан презумпция-актінің заңдық күші, қабылдау дәрежесі жоғары болған сайын, ол маңызды қоғамдық қатынастарды қамтитынын еске түсіру қажет.

Бір жағынан қандай да бір құқықтық норманы белгілі бір нормативтік акт, бұл жағдайда, заңға айналдыру нормативтік акт иерархиясындағы орынға, құқықтық норма міндеттілігіне үлкен әсері бар. Басқа жағынан, адвокаттық қызмет заң дәрежесінде де белгіленген шектерде (түсінігі, қағидалары, кепілдіктері және т.б.) норма-

тивтік реттеуге жатуы мүмкін. Қалғанында бұл қызмет өзі реттелуі, яғни корпоративтің ішкі ережелерімен немесе адвокаттық қызмет практикасының [6] стандарттарымен (кодекспен) реттелуі қажет.

Әрине, төменгі дәрежедегі актердің өзі адвокаттық қызмет тапсырмаларына сәйкес келе алады. Мәселен, Өзбекстан Үкіметі адвокаттық құрылымдардың қызметінің ерекшеліктерін адвокаттық қызмет тәжірибесімен айналысатын тұлғалардың ерікті кәсіби бірлестігі деп танып, 1996 жылы 15 шілдеде 250 «Өзбекстан Республикасының адвокаттық бірлестігінде адвокаттық қызмет тәжірибесімен айналысатын тұлғаларды әлеуметтік қорғау шаралары туралы» қаулы қабылдады. Олардың қызметін және әлеуметтік қорғауын қамтамасыз ету мақсатында адвокаттық бірлестіктер әлеуметтік сақтандыру қорына адвокаттық құрылымдардың [7] жалпы қажеттіліктеріне белгілі бір сома ұстап алынған соң жалақы қорынан 7 пайыз мөлшерінде сақтандыру жарнасын төлеп отыру бекітілген.

Өзбекстан Республикасындағы адвокаттық қызмет туралы заңнама заңмен қатар «өзге де заңнамалардан» (2-бап) тұрады. Жалпы алғанда қоғамдық қатынастардың бұл сферасы ведомствалық реттеудің белгіленген шектеріне ие.

«Адвокаттық қызмет» түсінігіне анықтама беретін тек қана біз қарастырған барлық заңи актілер емес. Қазақстан Республикасы және Өзбекстан Республикасының заңдарында, мысалы, адвокаттық қызметтің адвокаттық қызметпен айналысатын тұлғалардың егемен ерікті кәсіби бірлестіктерін және Өзбекстан Республикасының Конституциясына сәйкес жеке және заңды тұлғаларға заң көмегін көрсететін (Өзбекстан Республикасының заңының 1-бабы); мемлекет кепілдік берген және Қазақстан Республикасы Конституциясында (ҚР Заңының 1-бабы) бекітілген адамның өз құқықтары мен бостандықтарын сот арқылы қорғау және білікті заң көмегін алу құқығын қамтамасыз етуге шақырылған жеке адвокаттық қызмет тәжірибесімен айналысатын өзге тұлғаларды қосатын құқықтық институт ретіндегі тапсырмасының бағдары анықталады.

Арменияда адвокаттық қызмет заң көмегін алушылар іздейтін, заңмен тыйым салынбаған әдістермен және құралдармен жүзеге асыруға бағытталған «құқық қорғау қызметінің түрі»

ретінде анықталған (Армения Заңының 4-бабы). Тәжікстан заңшығарушысы адвокаттық қызмет туралы жеке және заңды тұлғаларға заң көмегін көрсететін еркін кәсіби бірлестік дей отырып, оған осы тұлғалардың құқықтары мен заңи қажеттіліктерін қорғау мақсатында кез келген заңға сай әдістер мен құралдарды қолдануды қамтитын, жеке және заңды тұлғаларға құқықтық тұрғыда көрсететін «әлеуметтік көмек түрі» деген анықтама береді. Қырғызстанда адвокаттық қызмет «жеке және заңды тұлғаларға олардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауды жүзеге асыру барысында адвокаттың көрсететін білікті заң көмегі» деп анықталған (ҚР Заңының 2-бабы).

«Адвокаттық қызмет» түсінігінің аясында бірнеше мемлекеттің заңдарында қорғауды жүзеге асыру тек адвокатқа тиесілі екендігіне көңіл бөлуіміз керек. Бұл, мысалы, Армения Заңының 5-бабы, Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабына сәйкес қылмыстық істер бойынша кәсіби қорғау тек адвокат арқылы жүзеге асырылады, Армения Республикасының Заңының 4-бабы – «қылмыстық іс бойынша сот процесінде, алдын ала тергеуде немесе анықтауда Армения Республикасының іс жүргізу заңына сәйкес қорғаушы тек адвокат бола алады» деп бекітілген [8]. Өзбекстан Республикасының Заңдарының ережелерінде мұндай дәлдік жоқ. Тек адвокаттар ғана кез келген тұлғаға кез келген заң көмегін, соның ішінде сот отырысы кезінде де бере алады, ал заңгер кеңесшілер жалдамалы жұмысшы ретінде өздерінің кәсіби қызметін жүзеге асыратын заңды тұлғаның ішінде ғана атқарады деген түсінік бар. Ал соттарда, шаруашылық соттары мен азаматтық істер соттарында [9], олар тек қана әкімшілік ережелерін сақтайтын өкіл қызметін атқара алады.

Адвокаттық қызмет ұйымы. Өзбекстан Республикасында адвокаттық қызмет туралы алғашқы заң 1996 жылы 27 желтоқсанда қабылданған болатын. Екі жылдан кейін 1998 жылы 25 желтоқсанда екінші «Адвокаттық қызметтің кепілдіктері және адвокаттарды әлеуметтік қорғау туралы» Заң қабылданды. Заң шығарушы адвокаттық қызметті және оның түрлерін жүзеге асыру үшін лицензияны енгізіп, адвокаттық қызметтің ұйымдастыру формасын, қағидаларын бекіткен болатын. Сонымен, адвокаттық қызметпен айналысуға құқық

беретін лицензияны белгіленген тәртіппен алған тұлғаға осы қызметті адвокаттық бюро ашу арқылы немесе ерікті түрде өзге адвокаттармен (әріптестермен) кеңсе немесе коллегия құру арқылы жүзеге асыруға құқық берілген. Өзге мемлекеттердегі адвокаттық қызметтің ұйымдастырушы құқықтық формасын қарастыра отырып, олардың заңдарымен бекітілген әртүрлі түрлерін атап өткен жөн. Мысалы, Армения Республикасының 1998 жылғы 18 маусымдағы Заңының 9-бабына сәйкес адвокаттарға өз қызметтерін ұйымдастыру барысында заңмен бекітілген қызметінің кез келген ұйымдастырушы құқықтық формасын таңдауға рұқсат берді.

Қырғызстан заңшығарушысы 1999 жыл 21 қазан 114 [10] «Адвокаттық қызмет туралы» Заңның 20-бабында адвокаттық құрылымдар «кез келген меншік түрі мен ұйымдастырушы құқықтық форма негізінде» құрыла алады делінген. Сонымен қатар, адвокаттық құрылымдардың құрылтайшысы кез келген заңды және жеке тұлға бола алады.

Қазақстандағы адвокаттық қызметті ұйымдастыру мынадай: адвокат өзінің қызметін жүзеге асыруға құқылы: а) заңи кеңес құру арқылы; б) өзі немесе өзге адвокаттармен адвокаттық кеңсе құру арқылы; в) заңды тұлға құрмай-ақ жеке түрде. Осы үшінші форманың Заңда болуы қазақ адвокаттық қызметінің ерекшелігі болып табылады.

Заң кеңесін беру заң көмегін көрсететін ұйымдар үшін адвокаттар алқасымен ғана құрылады. Заң кеңесін беру адвокаттар алқасының құрылымдық бөлімшесі (филиал) болып табылады (Заңның 32-бабы). Адвокаттар алқасының өзі адвокаттық қызметпен айналысуға құқығы бар тұлғалармен құрылады (Заңның 20-бабы). Адвокаттар алқасы коммерциялық емес, еркін, кәсіби, өзін өзі басқаратын және өзін өзі қаржыландыратын адвокаттық ұйым болып табылады. Заң адвокаттық алқа құруды шектеді: облыста, республикалық маңызы бар қалада, ел астанасында бір ғана адвокаттар коллегиясы құрылуы мүмкін.

Адвокаттық кеңсе, сондай-ақ құрылым формасында коммерциялық емес ұйым бола отырып, тек қана адвокаттар алқасының мүшесімен (мүшелерімен) құрылуы мүмкін (ҚР Заңының 33-бабы). Сонымен қатар, заң адвокаттық кеңсенің құрылтайшысын оның мемлекеттік

тіркеуден өткеннен кейін он күн ішінде ол туралы сәйкес адвокаттар алқасына жария етіп, оның қарамағына құрылтай құжаттарын тапсыруға міндеттейді.

Әзірбайжанда да адвокаттар адвокаттық қызметті жүзеге асыру барысында ұйымдастыру құқықтық формасын таңдауда ерікті: не жеке, не ұйымдық құрылымдардың құрамында, оның ішінде «заң кеңесі, адвокаттық бюро, адвокаттық фирма және т.б.» (5-бап). Бұл құрылымның құрылтайшысы болып, Өзбекстандағы секілді, тек қана адвокаттар болуы керек. Біздің ойымызша, Өзбекстан заңы адвокаттың және ол қызмет көрсететін тұлғаның да қажеттіліктерін қарастырған.

Адвокаттық қызмет – кәсіби, бірақ кәсіпкерлік емес қызметтің түрі. «Советтік адвокатура» (М., 1989) кітабында профессор Н. Н. Полянскийдің осыған қатысты сөзі келтірілген: «адвокаттық қызметке деген өз көз алдында оны түсіретін, оны жай өнердің қатарына түсіретін, адвокатты өз қызметін сататын өзге тұлғалардың қатарына қоятын қарым-қатынас аса ауыр жазалауға тұрады» (Қылмыстық қорғанаудағы шындық және өтірік. – М: «Құқықтық қорғау» баспасы, 1927). Заңи әдебиеттерде «кәсіпкерлік» ұғым ретінде өзіндік құқықтық дәстүрлерге негізделген кейбір ерекшеліктерден тұрады деп өте әділ түрде белгіленді. Бұл ерекшеліктер кәсіби қызметтің өзге түрімен айналысатын тұлғаларға қатысты. Сондықтан да «адвокаттар алқасының мүшелері, жеке тәжірибеден өтуші заңгерлер, және т.б. кәсіпкер болып табылмайды» [11].

Тек Қазақстан мен Өзбекстанда ғана коммерциялық емес сипаттағы адвокаттық тәжірибенің ережесінің бекітілгенін айта кету керек. 1998 жылғы Өзбекстан Республикасының заңында «адвокатура коммерциялық емес ұйым болып табылады» (11-бап) деп көрсетілген. Адвокатураның осындай ерекшелігі адвокаттық құрылымдардың мәртебесіне әсер етті. Бұны төменде көрсетілгендерден байқауға болады:

- біріншіден, олар арнайы кәсіби-қоғамдық заңды тұлғалар, арнайы құқық субъектілері, алайда «шаруашылық субъектілері» емес;
- екіншіден, Өзбекстан Республикасының Азаматтық кодексінің «Заңды тұлғалар» деп аталатын 4-тарауының көптеген жалпы ережелері таралатын, бірақ олардың қызметтері осы тараудың коммерциялық ұйымдарға жатқызылатын заңды тұлғалардың мәртебесін

реттейтін нормаларының әсеріне ұшырамайтын заңды тұлғалар;

- үшіншіден, бұл коммерциялық емес заңды тұлғалар.

Осылайша, Өзбекстанда адвокаттық құрылымдардың мәртебесі Өзбекстан Республикасының Азаматтық кодексінде көрсетілген заңды тұлғалардың бірде-бір түрінің заңи шеңберіне сыймайтын кезде өзге құқықтық өріс құрылды. Бұл, өз кезегінде, адвокаттық құрылымдардың мәртебесін республиканың азаматтық заңнамасының ережелерімен байланыстырудың қажеттілігін көрсетеді.

Қазақстан заңы да бекіткен ережелерге сәйкес «адвокаттармен көрсетілетін адвокаттық қызметтің аясында жүзеге асырылатын заңи көмек көрсету кәсіпкерлік қызмет болып табылмайды» (Заңның 1-бабы), ал «адвокаттық кеңсе мекеме нысанындағы коммерциялық емес ұйым болып табылады» (33-бап). Сонымен қатар, адвокат кәсіпкерлік қызметпен айналысқан жағдайда адвокаттар алқасынан шығарылуы мүмкін (Заңның 31-бабының 5-бөлігі).

Керісінше, Қырғызстан Заңы адвокаттық қызметтің нысанын анықтай отырып, адвокаттық қызметті адвокаттық мекемелер арқылы да, жеке кәсіпкерлік қызмет нысанында да жүзеге асыруға мүмкіндік береді (19-бап). Тәжікстан заңында адвокат «лицензия негізінде заңи көмек көрсететін кәсіпкер» (2-бап) деп нақты көрсетілген.

Адвокат мәртебесі; адвокаттың қоғамдық бірлестігіне мүшелігі. Осы тақырыпқа қатысты дискуссияда «адвокат мәртебесі тек кәсіби алқада мүшелік береді» деген ой айтылды. Мұнда, мысалы, Г.М. Резник былай мәлімдейді, адвокаттар «кәсіпкорпорацияға» бірігеді және бұл «кәсіби және моральды этикалық белгілер бойынша мамандар ұйымы, оған тиесілі болу белгілі бір шектеулерді, тыйымдарды бекітеді». Мұндай позициямен келісуге болады, бірақ неге бұл міндетті түрде адвокаттар алқасында болумен байланысты болу керек? Меніңше мұны қазіргі Ресейдегі бірнеше паралельді алқалардың болу және олардың мойындау алдында тұрған жағдайымен байланыстыру қажет [12].

Арменияда адвокаттар алқасына мүше болуда да адвокаттық қызмет үшін лицензия алу міндетті шарт болып саналады (Заңның 11-бабы). Үміткер адвокаттар алқасына мүшелікке ену туралы өтінішті және Мемлекеттік квалификациялық комиссиямен берілген куәлік-

тің көшірмесін беруі тиіс. Алқаға кірген тұлға алқа төрағасының қолымен және мөрмен расталған лицензия алады. Қырғызстан заң шығарушысы, республиканың барлық аумағына заң көмегін тек «кәсіби қоғамдық адвокаттар бірлестігінің тізімінде тұрған адвокат қана бере алатынын атап көрсетті».

Біздің ойымызша, кәсіби қоғамдық адвокаттар бірлестігіне немесе адвокаттар алқасына мүшелікке ену міндеттілігі дұрыс емес. Әлбетте, адвокаттар қоғамдық адвокаттар бірлестігіне мүше болуы тиіс. Бірақ, бұл әкімшілік құралдар немесе осындай қоғамдық бірлестік өкілеттіктерін алу, иемдену арқылы лицензиялау және т.б. болмауы тиіс.

Өзбекстан заңдарынан адвокаттардың құқықтары мен міндеттеріне қатысты мәселенің толық көрініс тапқанын байқадым, сондай-ақ, адвокат құқықтары (өкілеттіктері) екі заңда да бекітілген (6 және 4-баптар сәйкесінше). Алғаш рет адвокат көмекшісі институты енгізілген болатын (1996 ж. Заңның 8-бабы). Адвокат және оның көмекшісі мәртебесінің айырмашылықтары мынадай: 1) адвокат көмекшісі адвокат құқықтарын иеленбейді; 2) көмекші анықтау, алдын ала тергеу, сот органдарында және тағы басқа мемлекеттік органдарда істі бастауға жіберілмейді, сондай-ақ, процессуалдық өкілеттіктерді иеленбейді; 3) адвокат көмекшісінің еңбек қабілеті тек еңбек шартымен анықталады. Қазақстандық заң адвокат көмекшісімен қатар, «адвокат стажері» позициясын енгізді (Заңның 8-бабы). Жоғары заң білімі бар азаматтар екі қызметке де тұра алады.

Алғаш рет Өзбекстан Республикасы заңнамалық деңгейде адвокат құпиясының (1996 ж. Заңның 9-бабы), адвокат анты және жеке басына тиіспеушілік (1998 ж. Заңның 3 және 6-баптары) институттары енгізілген. Егер 1996 ж. Заң тек бір ғана жекелеген «Адвокаттық қызметтің кепілдіктері» бабын қамтыса, 1998 ж. Заңда ол неғұрлым нақты әкімшілік-құқықтық, әлеуметтік, экономикалық сипаттағы механизмдер арқылы реттеуге ие болды. Өзбекстан Республикасы Заңының 8-бабы былай дейді: «Адвокат және оның кәсіби қызметі мемлекет қорғауында». Қырғызстан заңында көрсетілген адвокаттық қызмет кепілдіктерінің ішінде мынадай кепілдік те бар: адвокат адвокаттық құпия пәніне кіретін қандай да бір жағдайларды, жедел-іздістіру қызметінде, сот өндірісінде, әкімшілік және өзге

де құқық қорғау органдары өндірістерінде пайдаланылатын қандай да бір материалдарды жария етуге құқылы емес. Сондай-ақ, адвокаттан алынған және заң көмегін көрсетумен байланысты түсініктемелер, жауаптар мен материалдар дәлелдеме деп танылмайды.

Шетелдік адвокаттардың заң көмегін көрсетуге қатысуы. Шетелдік адвокаттардың заң көмегін көрсетуге қатысуы мәселесіне келетін болсақ, Өзбекстан территориясында қазіргі уақытта рұқсат етілмеген: «Адвокатура туралы» 1996 ж. Заңның 3-бабына сәйкес, адвокат болып тек Өзбекстан Республикасының азаматы бола алады.

БҰҰ Конгресінің қылмыстың алдын алу мен құқық бұзушыларға қатысты қабылдаған «Юристер рөліне байланысты негізгі қағидаларының» (Гавана, 27 тамыз – 7 қыркүйек 1990 ж.) 10-тармағында мынадай ережелерді бекітті: «Үкімет, юристердің кәсіби ассоциациялары және оқу мекемелері қандай да бір тұлғаның кәсіби заңи практикасының басы немесе жалғасында нәсіліне, жынысына, этникалық шығу тегіне, дініне, саяси немесе басқа көзқарасына, ұлттық немесе әлеуметтік шығу тегіне, мүліктік, экономикалық немесе басқа да жағдайына, адвокат болу үшін тиісті мемлекеттің азаматы болуы керек деген талапты қоспағанда, қарамауы тиіс» [13, 25 б].

Алайда практикалық тұрғыдан қарағанда адвокаттық тәжірибені жүзеге асыра алатын тұлғаның мемлекетпен саяси-құқықтық байланысы (Өзбекстан Республикасы Заңының 3-бабы), біздің ойымызша, заң көмегін қамтамасыз етуді қажет ететін дамушы, өтпелі экономикалық мемлекетке тиімсіз.

Нақты қазіргі басқа ТМД мемлекеттері сияқты Өзбекстан экономикасы, әсіресе оның сыртқы құрамдасы ерекше заңи бекітілуді қажет етеді, алайда жергілікті адвокаттар объективті және өзге де себептерге байланысты ұсыныстар енгізе алар емес. Сонымен қатар, республика территориясында батыстық адвокаттық фирмалардан кәсіби көмек алу шетелдік инвестицияларды жүзеге асырудың жанама мүмкіндігі ретінде бағалануы мүмкін.

«Адвокаттық қызметтің қорғалуын қамтамасыз ету» туралы Өзбекстан Республикасы Заңының 8-бабы бекіткендей, мемлекет адвокаты Өзбекстан территориясы бойынша, сондай-ақ оның территориясынан тыс

орналасқан тұлғаларға білікті заң көмегін көрсету мүмкіндігімен қамтамасыз етеді. Бірақ тәжірибедегі бұл нормалардың әрекеті, әсіресе соңғы бөлімі, шетелдік мемлекеттердің тиісті құқықтық мүмкіндіктерімен анықталатын болады. Ереженің бекітілуі және сол бойынша Өзбекстанның өз территориясында ТМД мемлекеттерінің адвокаттарының өзара келісім негізінде тәжірибені жүзеге асыруы, ал шетелдік адвокаттардың осы негізде тек халықаралық құқық заңнамасы мәселелері бойынша тәжірибені іске асыруы іс жүзінде жүзеге асатын еді.

Осы мәселе бойынша ТМД мемлекеттерінің заңшығарушысының позициясы қандай? Іс жүзінде барлық заңдар шетелдік заңгерлермен адвокаттық тәжірибенің жүзеге асырылуын реттейтін нормалардан тұрады, бірақ олар бір-екі жағдаяттармен, әсіресе «халықаралық шарттардың» сілтемелерімен жүзеге асырылады. Осылайша, Армения Республикасы Заңының әрекет ету сферасы келесідей жолмен анықталған: Арменияда шетелдік адвокаттар халықаралық шарттармен өзгеше көзделмесе, адвокаттық қызметті тиісті заңмен бекітілген ретте жүзеге асырады. Сондай-ақ, республика адвокаттары шетелдік мемлекеттердің ішкі заңнамасында көзделген тәртіппен және халықаралық шарттармен көзделген тәртіппен адвокаттық қызметті жүзеге асырады.

Қырғыз Заңы да жеткілікті кең мүмкіндіктерді береді. Оның 12-бабында мынадай ереже бекітілген: шетелдік мемлекеттердің адвокаттары «Қырғыз Республикасы мен адвокаттың тиісті мемлекетімен мемлекетаралық келісім негізінде Қырғызстанның азаматтары мен заңды тұлғаларына кез келген формада білікті заң көмегін көрсете алады. Ал Қазақстан Республикасы кәсіби қоғамдық адвокаттар бірлестігінің тізімінде тұрған адвокаттарға келетін болсақ, олар барлық территориядағы азаматтарға тиісті «мемлекеттің заңнамасындағы шектеулерге қарамастан» білікті заң көмегін көрсете алады.

Аналогиялық норма Қазақстан Республикасы Заңында да бекітілген. «Адвокат өкілеттігін куәландыру» деп аталатын 13-бабының 2-тармағында көрсетілгендей, егер бұл берілген тапсырманы орындау қажеттілігі болса және тиісті мемлекеттердің заңнамасына, халықаралық шарттарға қайшы келмесе, адвокат Қазақстан территориясында, сондай-ақ оның аумағынан тыс территорияда да білікті заң көмегін көрсетуге құқылы.

Армения Заңы «Шетелдерге құқықтық көмек көрсету» деген жекелеген бапты қамтиды. Осылайша, оның бірінші тармағы шетелдік адвокаттарға Әзірбайжан территориясында қолданыстағы заңның тиісті талаптарына сәйкес, «мемлекеттің заңдарын немесе халықаралық құқықтық нормаларды қолдана отырып кеңес беру» жағдайларын қоспағанда, білікті заң көмегін көрсету құқығын шектеді. Ал екінші тармағы бойынша тек Әзірбайжан мемлекетімен қолдау тапқан халықаралық шарттар, өзара келісім негізінде ғана шетелдік адвокаттарға Армения территориясында азаматтық және қылмыстық істер бойынша, экономикалық даулармен, әкімшілік құқық бұзушылықтармен байланысты істерге қатысуға рұқсат етілген.

Тәжікстан Республикасында шетелдік мемлекеттердің және ТМД мемлекеттері адвокаттарының барлық территорияда заң көмегін көрсету құқығы мойындалады, бірақ бұл құқықтары әділ түрде тәжік адвокаттарының аналогиялық қызметін тиісті мемлекеттің территориясында жүргізу мүмкіндігін қарастырады. Алайда шетелдік адвокаттарға заң мекемелерін ашу құқығы берілмеген.

Ресей Федерациясында ұқсас заңнамалық акт қабылданбады, бірақ кейбір жобаларда ресей сот өндірісіне шетелдік адвокаттарды қатыстыру тәртібін реттеу көзделген. Заң шығарушылардың бірі әрбір азаматқа өз еркіне сай адвокат қызметін таңдау құқығын қамтамасыз етуге тырысады, бірақ шетелдік адвокаттың қатысуын бір ғана шартпен шектейді: ол Ресей территориясында тиісті шетелдік мемлекетте ресейлік адвокатқа берілген құқықтар деңгейінде ғана заң көмегін көрсетуге құқылы.

Адвокатура туралы ұлттық заңнамадағы сілтемелер «халықаралық шарттардың негізінде» – әзірге декларативті сипатқа ие емес. Өкінішке орай, Өзбекстан Республикасымен, 1998 жылы 29 желтоқсаннан бастап Қырғыз Республикасымен, 1997 жылы 22 маусымнан бастап Грузия мемлекетімен, 1997 жылы 18 маусымнан бастап Әзірбайжан Республикасымен, 1997 жылы 20 ақпаннан бастап Литва Республикасымен, 1996 жылы 23 мамырдан бастап Латвия Республикасымен келісілген құқықтық сипаттағы шарттардың бірде-бірінде тиісті мемлекеттің адвокат қызметін реттеу мәселесі басқаның территориясында көрініс таппады. Сондықтан да

адвокаттық тәжірибенің аспектісі және оның тиісті нормативтік бектілуін жан-жақты талдау уақыты келді.

### Әдебиеттер

1. Мақала негізінде – Азербайджанның, Арменияның, Қазақстанның, Қырғызстанның, Тәжікстанның, Өзбекстанның адвокатура туралы заңдар анализі. Қайнар көздер: Электронды анықтама жүйесі: «LexInfoSys»; өтпелі экономикамен мемлекеттердің дамуы туралы ақпараттық жүйесі; версия: шілде 2000; GTZ-Projektbuero «Rechtsreform in den Transformationsstaaten», Universitaet Bremen (әрі қарай – СПС «LexInfoSys»).
2. Адвокат қызметі туралы 1998 жылғы 18 маусымдағы Заңы // Армения Республикасының ресми хабаршысы. 1998 №27.07.98 С 39.
3. «Адвокат және адвокаттық қызмет туралы» Заңы // Әзірбайжан Республикасының заңнамалық жинағы. 2000 №1. 19 бап.
4. Тәжікстан Республикасының «Адвокатура туралы» Конституциялық Заңы 1995 жылғы 3 қарашадағы // Ахбори Маджлиси Оли Әзірбайжан Республикасы 1995 № 21.
5. Тихомиров Ю.А. Заң теориясы – М.: Ғылым, 1982. С.54.
6. Өзбекстандағы адвокаттық тәжірибенің стандарттарын (кодексін) қабылдау қажеттілігінің негізділігі, олардың рөлі және орны. Азизов И.Б., Хван Л. Б. Адвокатура туралы заңнаманың перспективалары мен проблемалары (адвокаттық қызметтің стандарттарын дайындауға) // Давлат ва ҳуқук (Мемлекет және құқық). 2000. № 2.
7. Тәжікстан заңы: «Адвокаттар алқасынан шегерілетін әлеуметтік сақтандыру адвокаттар кірісінің бес пайызын құрайды» (21-бап).
8. Ескертпе: тұлғалардың мемлекеттік және мемлекеттік емес органдарда және мекемелерде, кеңес беру, құқықтық мәселелер бойынша түсінік беру, арыз жазу, заңи сипаттағы құжаттар әзірлеу, сонымен қатар, заңнамалық тәртіппен өзге де әрекеттерді адвокаттар алқасына кірмейтін заңгерлер жүзеге асыра алады.
9. Өзбекстан Республикасы Президентінің Бұйрығына сәйкес, «Өзбекстан Республикасында соттық жүйені дамыту» туралы 15 тамыз 2000 жылғы соттар жүйесі реформасы.

- Соның ішінде, Қарақалпақстанның Жоғарғы Соты, азаматтық және қылмыстық істер бойынша облыстық, Ташкент қалалық және ауданаралық соттар құрылды. – Правда Востока. 2000. 15 тамыз.
10. 1999 жылы 21 қазанда Қырғызстан Республикасы Заңы № 115.
11. Кәсіпкерлік құқық: Лекция курсы / Жауапты ред. Н.И. Клейн. – М.: Заң әдебиеті, 1993. 20 бет.
12. Бұл мыңжылдықта адвокатура туралы Заңды көрмейміз бе? (Г.М. Резникпен сұхбат) // Адвокат. 1998. № 5. 49 бет. 4 бап. 17 желтоқсан 1996 жылғы «Адвокатура туралы» ҚР Заңы «бектілген тәртіппен адвокаттық қызметке, адвокаттық бюро ашуға немесе ерікті түрде басқа адвокаттар алқасымен фирма ашуға лицензия алған тұлғалардың құқықтары туралы» – Адвокат. 1998. № 8. 42 бет.
13. Ресейлік юстиция. 1997. № 12.бет. 26, 27; 1998. № 3. – 22–25 бет.

#### Е.Т. Нурмағанбет

В данной статье рассматривался сравнительно-правовой анализ законодательных актов ряда стран СНГ, регулирующих деятельность адвокатуры, ее развития, взаимосоотрудничества в этой сфере. В настоящей статье уделяется внимание лишь некоторым интересным, на наш взгляд, аспектам осуществления адвокатской практики, регулирование которых в каждой республике носит своеобразный, отличительный характер.

#### Е.Т. Nurmaganbet

In given article the rather-legal analysis of acts of some the CIS countries regulating activity of legal profession, its development, cooperation in this sphere was considered. In the present article the attention only to some aspects of realization of the lawyer practice interesting, in our opinion, which regulation in each republic has original, distinctive character is paid.